



ҚЫЗЫЛӨЗЕНДЕ бекіре өсіру зауытының ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



ТҮПҚАРАҒАН АУДАНЫНЫҢ ҚЫЗЫЛӨЗЕН АУЫЛЫНДА БЕКІРЕ ТҰҚЫМДАС БАЛЫҚТАРДЫ ӨСІРУ ЖӘНЕ ҚАРА УЫЛДЫРЫҚ ӨНДІРУ КЕШЕНІНІҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ.

Әсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

Стратегиялық маңызы бар инвестициялық жобаны «Red Pearl» ЖШС балық фермасы жүзеге асырады. Өңір үшін маңызды тарихи сәтке Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті төрағасының орынбасары Бауыржан Жұмажанұлы, «Red Pearl» балық фермасының құрылтайшысы Рей-де Руддер Кристиан Эдвин, сондай-ақ өңір ардагерлері мен қоғам өкілдері қатысты.

Жоба – балық шаруашылығы саласын дамытуға және өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталған маңызды инвестициялық бастамалардың бірі. Оны «Swiss Choice Holding» швейцариялық компаниясы жүзеге асырып, толықтай жеке инвестициялар есебінен қаржыландырылады.

АТА КӘСІПТІҢ ЖАҢА ТЫНЫСЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында агроөнеркәсіп кешенін дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және балық шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру мәселелеріне ерекше назар аударып келеді. Осы тапсырмалар аясында жүзеге асырылып жатқан бұл жоба аймақ экономикасына тың серпін береді деп жоспарланған. Жобаның негізгі мақсаты — халықаралық озық тәжірибелерді енгізу арқылы Каспий аймағындағы бекіре шаруашылығын дамыту, жоғары сапалы балық өнімдері мен табиғи қара уылдырық өндіру. Жоба бірнеше кезең бойынша іске асырылады. Толық қуаттылыққа шыққан кезде бекіре, қортпа, шоқыр сынды балықтардан жылына 100 тоннадан астам балық өнімін, 10 тоннаға дейін қара уылдырық өндіру жоспарда бар.

(Жалғасы 3-бетте)

• БҮГІНГІ САНДА



СПОРТҚА ҚАРЖЫ КЕРЕК

»9



БЕДЕРЛІ ӨНЕР – БАРЕЛЬЕФ

»12

АҚТАУ ХАЛҚЫ Бірлік күнін тойлады

Айгүл ОРЫНБАЕВА

1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІНЕ ОРАЙ АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДОСТЫҚ ҮЙІ АЛАҒЫНДА АУҚЫМДЫ МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ АРНАЙЫ ҚАТЫСЫП, ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ СӨЙЛЕП, ӨҢІР ТҮРҒЫНДАРЫН МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ.

Бірлік күні – еліміздегі татулық пен тұрақтылықтың, өзара құрмет пен сыйластықтың жарқын көрінісі. Тәуелсіз Қазақстанның ең басты байлығы – халықтар арасындағы келісім мен бірлік. Бұл – Мемлекет басшысы жүргізіп отырған сындарлы саясаттың нәтижесі. Маңғыстау – түрлі этнос өкілдері бір шаңырақ астында тату өмір сүріп жатқан өңір. Біз үшін бұл – үлкен мақтаныш әрі жауапкершілік, – деді аймақ басшысы.

Концерттік бағдарлама аясында жергілікті өнерпаздар мен шығармашылық ұжымдар өнер көрсетіп, қазақ, өзбек, түрік, татар, әзірбайжан, неміс, үнді және өзге де халықтардың әндері мен билері сахналанды. Сонымен қатар



мерекелік концертте арнайы марапатталды. Жәнімпаздарды облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай құттықтап, оларға арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етті. Айта кету керек, футболдан I орынды Мұрын жырау Сенгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі, II орынды Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі және III орынды Ақтау технологиялық қызмет көрсету колледжі иеленді.

(Жалғасы 2-бетте)

«Қазақстан – ортақ үйіміз» композициясы қойылып, «Өз елім» әні шырқалып, түрлі жанрдағы қойылымдар көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Өткен аптада Қазақстан халқының бірлігі күніне орай ұйымдастырылған мерекелік іс-шаралардың қатарында «Бірлік кубогы» спорттық жарысы жоғары деңгейде өткен болатын. Аталған іс-шара шеңберінде футболдан ашық турнир ұйымдастырылып, оған өңірдің түрлі командалары қатысып, өзара бақ сынасты. Тартысты да қызықты өткен турнир қорытындысы бойынша үздік шыққан командалар осы



ЧЕМПИОНДАР шыңдалатын шаңырақ

ӘЛЕМДІК АРЕНАДА ЕЛДІҢ БЕДЕЛІН ӘЙГІЛЕЙТІН, АБЫРОЙЫН АСЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ САЛА – СПОРТ ЕКЕНІ ДАУСЫЗ. СОНДЫҚТАН ДАМЫҒАН ЕЛДЕР СПОРТҚА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ. ТІПТІ БҰЛ САЛАДА САРАПТАМАЛЫҚ ӘРІ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРЫЛЫМДАР КӘСІБИ СПОРТТАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТЕЛЕУДІҢ ЖЕТІК ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ЗЕРТТЕУ БАҒЫТЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ «БҰҚАРАЛЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ӨРКЕНДЕТУ ІСІ ЖАҢА ЧЕМПИОНДАР ШЫҒЫНА ШЫҒАТЫН ПИРАМИДАҒА АЙНАЛУЫ ТИІС» ДЕЙ КЕЛЕ, СПОРТ САЛАСЫ ӘРДАЙЫМ МЕМЛЕКЕТ НАЗАРЫНДА БОЛАТЫНЫН МӘЛІМДЕДІ.

»10